21364825047

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

24 қаңтар 2024 жыл № 1112-23-00-2/3307 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья К. Исенова,
сот отырысының хатшысы М. Ракова қатысуымен
сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Темирлан» жеке кәсіпкер басшысы Ибрагим Темірлан Қуанышбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі Исмагамбетова А.И.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында 362 000 теңгеге дәрі – дәрмек құралдарын мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт толтырылған.

Келісім шарт 2023 жылғы 30 наурызда Қазынашылық органында тіркелген.

Шарттың қолданыс мерзімі – 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Өтініш 2023 жылғы 07 тамызда берілген.

Жауапкер қамтамасыз ету сомасын 2023 жылғы 12 сәуірде енгізген.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан, 2023 жылғы 28 желтоқсанда келісім шарт бұзылған.

Товарды жеткізу туралы міндеттемелер орындалмағандықтан, талап қоюшы жауапкерге арыз беріп, сотқа жүгінді. 2023 жылғы 07 тамызда өтініш берілді, товарды жеткізу мерзімі өтініш берілген күннен кейінгі 15 күнтізбелік күн – яғни 2023 жылғы 22 тамыз – 2023 жылғы 45 қыркүйекте

товардың бір бөлігі жеткізілген, алайда техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмегендіктен, товар қабылданбаған. Осыған байланысты, товардың сәйкессіздігі туралы Акт толтырылып, 2023 жылғы 03 қазанға дейін түзету шараларына мерзім белгіленген, алайда, кемшіліктер түзетілмеген, товар жеткізілмеген, тиісінше міндеттемелер орындалмаған.

Талапкердің өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер істің оның қатысуынсыз өткізілуін сұрап, сот отырысына қатыспады және талап қоюдың қанағаттандырылуымен келісті.

Сот Азаматтық процесстік кодекстің (бұдан ары – АПК) 196 бабы 6 бөлігіне сәйкес, істің мүдделі тұлғаның қатысуынсыз қаралуы мүмкін деп шешті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды біржақты тәртіппен бұзған, орындалуы барысында өнім берушінің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмейтіндігі немесе өзінің осындай талаптарға сәйкестігі туралы анық емес ақпарат бергені, соның нәтижелері бойынша осындай шарт жасалып, оның конкурс (аукцион) жеңімпазы болуына мүмкіндік бергені анықталған өнім берушілердің;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған, жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілердің (екінші орын алған әлеуетті өнім берушілердің);

3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Алайда, жауапкер тарапынан шарт талаптары орындалмаған.

Аталғанға байланысты, сот талап қою мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы бөлігінде негізді деп санайды және аталған жәйт оны қанағаттандыруға негіз болады.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 117-бабының 1 тармағы бойынша талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж алымы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Документ подписан: Исенова К. Е., 31.01.2024
Дата вступления в законную силу: 06.03.2024, судья Исенова К. Е., 10.08.2024
1112-23-3-6/180

Сот АПК-нің 223-226, 403 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер «Темирлан» жеке кәсіпкер басшысы Ибрагим Темірлан Қуанышбекұлы, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Темирлан» жеке кәсіпкерді басшысы Ибрагим Темірлан Қуанышбекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Темирлан» жеке кәсіпкердің басшысы Ибрагим Темірлан Қуанышбекұлынаң мемлекеттік пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья К. Исенова

Документ подписан: Исенова К. Е., 31.01.2024

Дата вступления в законную силу: 06.03.2024, судья Исенова К. Е., 10.08.2024

1112-23-3-6/180